


# “ Жауынгер аталардың ерлігінің алдында бас иеміз”

1941 -
1945


Жеңіс Күнімен,
құрметті ардагерлер!
С Днем Победы,
дорогие ветераны!
1945


Жеңіс Кунімен,
курметті ардагерлер!
С Днем Победы,
дорогие ветераны!
1945
HAMELEONS.COM
опубликовано
на сайте
HAMELEONS.COM
HAMELEONS.COM

# 9 мамыр Ұлы Жеңіс күнімен мемлекет басшысының құттықтауы



Қымбатты ардагерлер, мен сіздерді бүгінгі қасиетті де қастерлі мереке

**9 мамыр – Ұлы Жеңіс Күнімен** шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке – жанқияр ерліктің, еңселі елдіктің рухы өрлеп, Жеңіс жалауы желбіреген күн. Бүгінгі тәуелсіздік тұғырының берік, еңсеміздің биік болуы да, еліміздің өркендеуі мен елордамыздың гүлденуі де – осынау мерекенің жемісі.

Бүгінгі ұрпақ аға буын-ардагерлер танытқан қаһармандық пен қайсарлықтан үлгі алып, бой түзейді. Осынау ерлікке толы Күн тарихымыздың мәңгілік ұмытылмас парағы болып қала бермек.

Баршаңыздың дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға шаттық, бақ пен береке тілеймін!


1941-45

# Ұлы Отан соғысы (1941-1945)

**Фашистік Германия 1941 жылы 22 маусымда соғыс жарияламастан, тұтқиылдан КСРО-ға шабуыл жасады. Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысы басталды.**
**Тарихта Ұлы Отан соғысындай қасіретті соғыс болған емес. Соғыста 27 миллионнан астам кеңес адамы қаза тапты. Соның ішінде 410 мыңы қазақстандықтар болатын. Ал Бірлесу – Еңбек ауылынан 138 азаматтар соғысқа шықырылған.**

1. Ақылбеков Қырғызбай
2. Ауғанбаев Ошақбай
3. Атамбаев Керімжан
4. Атамқұлов Әбдіғапар
5. Алғазиев Сұлтан
6. Арыстанбаев Әділбек
7. Әбдірамбаев Ботабай
8. Әлтаев Жандарбек
9. Әтішбеков Жолтай
10. Әлімқұлов Бекжан
11. Әлімқұлов Битоғай
12. Әбсатаров Досмағанбет
13. Абуов Тұрлыбек
14. Абуов Тұраш
15. Алимбаев Пернебай

16. Бердікеев Қошқарбек
17. Баелиев Жамалбек
18. Байменов Таңсық
19. Бибазаров Ырысбай
20. Бибазаров Жақыпбай
21. Бектанов Рахманберді
22. Бокеев Байсұл
23. Бейсенбаев Сапаш
24. Дәуренбеков Мақаш
25. Дәрменқұлов Месретәлі
26. Ералиев Сыпат
27. Елтаев Кәдірәлі
28. Асаналиев Тәуірбек
29. Айтуов Рәшбек
30. Айтқұлов Дос

33. Матай Жаңқораш
34. Үркімбаев Иманқұл
35. Еркебаев Ізтілеу
36. Ешенқұлов Шахман
37. Жаманқараев Сұлтан
38. Жотабаев Әбілдә
39. Жалжанов Жапар
40. Жолдасбаев Тілеуқұл
41. Жапарбеков Асанқан
42. Жапарбеков Алахан
43. Жігітеков Махамбетжан
44. Жұмасаев Омар
45. Жанысбаев Нұрмахан
46. Жакелов Райымқұл

- **47. Жарқынбаев Тұрлыбай**
- **48. Жуанышев Нұрмағанбет**
- **49. Жуанышев Әмір**
- **50. Жолсейітов Сейдуалы**
- **51. Жанқоразов Мәден**
- **52. Зупаров Мырхамыт**
- **53. Иманалыұлы Пиалы**
- **54. Иманбеков Мазбай**
- **55. Иманбеков Далыбай**
- **56. Ибрагимов Алахан**
- **57. Қамбатыров Исақұл**
- **58. Қамбатыров Қапар**

58. Қамбатыров Қапар
59. Күзембаев Тұнғышбай
60. Керімбек Сембек
61. Келімханов Әбдіқұл
62. Қайыпов Тұраш
63. Қожабеков Самбетбай
64. Құрманбеков Кенжебай
65. Құрманбеков Айдарбек
66. Құрманалиев Сармолда
67. Дәрменбаев Шыныбек
68. Дәуілбеков Сүтемген
69. Жұбанышов Дабыл

70. Ибрагимов Жұмабек
71. Қазбеков Рахымжан
72. Қадірбаев Сапарәлі
73. Қасымов Рәсіл
74. Қалисаев Сапарқұл
75. Көпжасаров Мамажан
76. Көпжасаров Әлтай
77. Көпжасаров Қалтай
78. Көпжасаров Айтқұл
79. Құрманов Бақытбай
80. Қарабаев Серікбай
81. Қырықбаев Әбілда
82. Қырықбаев Махаш

**83. Масабаев Батырбек**

**84. Масабаев Молдабек**

**85. Манабаев Сексенбай**

**86. Мүсіралиев Қауыз**

**87. Мүсірәлиев Қыдыр**

**88. Мұсабеков Арыстанбек**

**89. Мұсабеков Әділбек**

**90. Мәлімбаев Сембай**

**91. Манекеев Барқын**

**92. Мырхалықов Үшкемпір**

**93. Мұстафаев Шәріп**

**94. Мұстафаев Махамбетқұл**

95. Мырзабеков Ошақбай
96. Мейірманов Ырысқұл
97. Мамбеталиев Сұлтанмахмуд
98. Назаралиев Шәріпхан
99. Назаралиев Әзімхан
100. Нұралиев Әміртай
101. Нұралиев Тортай
102. Нартаев Рәпілбек
103. Нұрбаев Асаналы
104. Сайлаубаев Сатан
105. Өміров Мырзалы
106. Пірманов Еспембет
107. Рахманбердиев Ратай

**108. Сейдуалиев Салыбек**
**109. Сейдуалиев Төребек**
**110. Сералиев Досалы**
**111. Сүлейменов Шәпи**
**112. Садығұлов Жақан**
**113. Серкебаев Жамал**
**114. Сейдалиев Байділдә**
**115. Смайлов Жақып**
**116. Сүттібеков Төлен**
**117. Суапов  Аруан**
**118. Смайлов Қаршыбек**
**119. Сәрсенбиев Қадыр**
**120. Төтеев Қоңырбай**
**120. Төтеев Қоңырбай**

120. Төтеев Қоңырбай
121. Тәтімбетов Мырзаш
122. Теміров Елетай
123. Төлебеков Райымбек
124. Түменбаев Ахатай
125. Тайыров Әбдіқадір
126. Тайыров Зүбайыр
127. Тілемісов Рахымжан
128. Тасбауов Иманқұл
129. Таңсықов Керім
130. Тойболов Әбсатар
131. Тоғанбаев Рахманберді
132. Үмбетов Тұрлыбек
134. Шонбаев Нәзімбай
135. Әзімбай Құдайберді
136. Орақбаев Аюбай
137. Парманов Оспан
138. Мақтабай

1941 -
1945



1941 -
1945



1941 -
1945

# Жапарбеков Алахан



1914 жылы наурыздың 15 жұлдызында Жамбыл ауданы, Бірлесу – Еңбек ауылында дүниеге келген. 1941 жылы қараша айында соғысқа аттанып, майдан жолын Москва түбінде бастап, Москва, Сталинград, Курск шайқастарына қатысып кіші лейтенант атағын алып 1945 жылдың мамыр айында Берлинде аяқтады. Курск шайқасынан кейін ІІ дәрежелі 1 – ші "Даңқ" орденін, Курск доғасындағы ІІ дәрежелі 2 –ші "Даңқ" орденін Варшавадағы шайқасы үшін ІІІ дәрежелі 3-ші "Даңқ" орденін иеленген.

# Нартаев Рәпілбек

1941 -
1945



1923 жылы 15 маусымда Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы,
Бірлесу – Еңбек ауылында дүниеге келген.

1941 жылы әскер қатарына алынып, атқыштар мектебін бітірген соң майдан шебіне жіберілді. Соғыста көрсеткен ерліктері үшін алғыс алған:

- «Кишинев қаласың азат екені үшін»;
- «Дунай өзенінін жағасында жауға ойсырата соққы бергені үшін»;
- «Будапешт қаласын басып алғаны үшін»;
- «Вена қаласын басып алғаны үшін»;
- «Германияны жеңгені үшін». Соғыстан 1-ші және 2-ші дәрежелі "Отан соғысы" ордендерімен, мерекелік медальдармен марапатталған.

# Мірқалықов Үшкемпір



1923 жылы Жамбыл ауданы, ауданы, Бірлесу – Еңбек ауылында дүниеге келген. 1941 жылы Жуалы аудандық әскери комиссариаты арқылы майданға жіберілген. 130 атқыштар дивизиясында әскери қызмет атқарған. 1944 жылы елге оралған. II дәрежелі "Отан соғысы" орденімен, бірнеше әскери және мерекелік медальдармен марапатталған. 1985 жылы қайтыс болған.

1941 - 1945

# Тұраш Әбуов



1922 жылы “Бірлесу- Еңбек” ауылында туылған. 1941 жылдың желтоқсан айында әскер қатарына шақырылды. 1942 жылы қараша айында Ржев түбіндегі Молодой Туд елді мекенінде алғаш рет соғысқа кірді. Кезек кезегімен Великие Луки , Невель, Новосокольники, Брест, Седлец, Радзымин, Яблоно-Легионово, Невер планцдармы ұрыстарына қатысты. Майдан кешкен жылдары ІІ дәрежелі Отан соғысы орденімен және 9 медальмен, “РККА” үздігі белгісімен марапатталды.

# РАХМАНБЕРДИЕВ РАТАЙ



1926 жылы 1 қаңтарда "Бірлесу- Еңбек" ауылында туылған. Соғыста Белорус майданында 47 – армия , 60 – дивизияда қызмет етті. 1945 жылы 28 сәуірде Берлин қаласында жараланып елге қайтты. "Берлинді алғаны үшін", "Жеңістің 40, 45, 50, 55 жылдығы" мерейлік медальдарымен марапатталған.

1941 -
1945

# Байменов Таңсық



1915 жылы “Бірлесу-Еңбек” ауылында туылған. 1941 жылы соғысқа аттанған. 226-атқыштар полкінде қатардағы жауынгер болған. 1943 жылы соғыстан екі аяғынан жараланып, қайтып келген. Соғыстан 1-ші және 2-ші дәрежелі “Отан соғысы” ордендерімен, мерекелік медальдармен марапатталған. 2002 жылы қайтыс болған.

1941 - 1945

# Жалжанов Жапар



1918 жылы Бірлесу-Еңбек ауылында туылған. 1939 жылы Фин соғысына, 1941 жылы Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1942 жылы Смоленск түбінде жараланып, 2-ші топтағы мүгедек болып елге оралған. Бірнеше медальдармен марапатталған. 2000 жылы қайтыс болған.

# Иманбеков Мазбай



1906 жылы "Бірлесу-Еңбек" ауылында туылған. 1942-1945 жылдары соғысқа қатысқан. Белоруссия майданында жүріп, жарақат алып 1945 жылы елге оралды. Бірнеше медальдармен марапатталған. 2001 жылы қайтыс болған.

1941 -
1945

# ЕРАЛИЕВ СЫПАТ



Қатардағы жауынгер. 1904 жылы “Билікөл” совхозында туған. Әскерге Жуалы аудандық әскери ком – да шақырылған. 1943 жылы хабар – ошарсыз кеткен.

1941 - 1945

# Алимбаев Пернебай



1926 жылы "Бірлесу-Еңбек" ауылында туылған. 1944 жылдары әскер қатарына шақырылған. 1951 жылы елге оралған. Бірнеше әскери наградалары бар. 1992 жылы қайтыс болған.

# Нұралиев Тортай

1941 - 1945



1902 жылы "Білікөл" ауылында туылған. 1941 жылы соғысқа шақырылып, 1943 жылы желтоқсан айында жараланып елге қайтқан. Бірнеше медальдармен марапатталған.

# Сарсенбиев  Қапар



1922  жылы  Бірлесу-Еңбек ауылында туылған. Соғысқа 1941 жылы шақырылған. Болгария, Белгия, Польша соғыстарына қатысқан. Бірнеше медальдармен марапатталған. 1946 жылы елге оралған. 1967 жылы қайтыс болған.

# Жарқынбаев Тұрлыбай

1941 - 1945



**1924 жылы Бірлесу – Еңбек ауылында туылған.**
**1941 жылы соғысқа шақырылып, 1945 жылға дейін соғыста болған.**
**Бірнеше медальдармен марапатталған.**

# Қырықбаев Мақаш



1922 жылы Бірлесу – Еңбек ауылында туылған. 1941 жылы соғысқа шақырылып, 1943 жылға дейін соғыста болған. Бірнеше медальдармен марапатталған.

# Жұмасаев Омар

1941 -
1945



1920 жылы Бірлесу – Еңбек ауылында туылған. 1941 жылы соғысқа шақырылған. Бірнеше әскери наградалары бар. 1966 жылы қайтыс болған.

1941 - 1945

# Еркебаев Ізтілеу



1919 жылы Бірлесу – Еңбек ауылында туылған. 1941 жылы соғысқа шақырылған. Бірнеше әскери наградалары бар. 1993 жылы қайтыс болған.

1941 - 1945

# Парманов Оспан



1910 жылы Бірлесу – Еңбек ауылында туылған. 1941 жылы майданға аттанған. 1945 жылы елге оралған. 2 – ші дәрежелі “Отан соғысы” орденімен марапатталған. 1976 жылы қайтыс болған.

# Таңсықов Керім



1908 жылы Бірлесу – Еңбек ауылында туылған. 1941 жылы қазан айында армия қатарына алынып, 1942 жылдың қаңтар айында Беларусь майданында ұрысқа қатысқан. Соғыс кезінде үш рет жараланған. 1944 жылдың басында, денсаулығына байланысты елге қайтарылған. Бірнеше медальдармен марапатталған. 1972 жылы қайтыс болған.

1941 - 1945

1941 -
1945

# Атамкұлов Әбдіғапар



**1911 жылы Бірлесу – Еңбек ауылында туылған. Ұлы Отан соғысына 1943 жылы шақырылып, Сталинград шайқасына қатысып, сонда қайтыс болған. Бірнеше әскери наградалары бар.**

# Әтішбеков Жолтай



1923 жылы Бірлесу – Еңбек ауылында туылған. Ұлы Отан соғысына 1941 жылы шақырылып, Харковь, Курск қалаларында шайқасқа қатысқан. 1943 жылдың қаңтар айында оң көзімен, оң аяғына оқ тиіп жарақаттанып 1943 жылдың маусым айының ортасына дейін госпитальда емделіп, соғысқа қайта қатысады. 1989 жылы қайтыс болған. Бірнеше әскери наградалары бар.

1941 - 1945

# Ибрагимов Жұмабек



1899 жылы Бірлесу – Еңбек ауылында туылған. Ұлы Отан соғысына 1942 жылдың наурыз айында шақырылған. 1945 жылдың шілде айында елге оралған. 1977 жылы қайтыс болған. Бірнеше медальдармен марапатталған.

1941 -
1945

# Тайыров Әбдіқадір



1899 жылы Бірлесу – Еңбек ауылында туылған. Ұлы Отан соғысына 1942 жылдың наурыз айында шақырылған. 1945 жылдың шілде айында елге оралған. 1977 жылы қайтыс болған. Бірнеше медальдармен марапатталған.

1941 -
1945

# Теміров Елеусіз



**1912 жылы Бірлесу – Еңбек ауылында туылған. Соғысқа 1941 жылы аттанып, 1943 жылы соғыстан оралған. 1974 жылы қайтыс болған. Бірнеше медальдармен марапатталған.**

1941 -
1945

# Үркімбаев Иманқұл



**1925 жылы Бірлесу – Еңбек ауылында туылған. Соғысқа 1941 жылы шақырылған. Бірнеше медальдармен марапатталған.**

1941 - 1945

# Сейдуалиев Төребек



**1920 жылы Бірлесу – Еңбек ауылында туылған. 1941 жылы соғысқа шақырылған. 1942 жылы елге оралған. 1960 жылы қайтыс болған.**

# Сейдуалиев Сланбек

1941 -
1945



1920 жылы Бірлесу – Еңбек ауылында туылған. 1941 жылы соғысқа шақырылған. Хабар ошарсыз кеткен.

1941 -
1945

# Жолдасбаев Тілеуқұл



**1920 жылы Бірлесу – Еңбек ауылында дүниеге келген. Соғысқа 1943 жылы аттанып, 1944 жылы соғыстан оралған. Бірнеше медальдармен марапатталған.**

1941 - 1945

# Тойболов Әбсатар



1910 жылы Жуалы ауданы, Ленинжолы ауылында туылған. Соғысқа 1941 жылы аттанып, 1945 жылы елге оралған. 2-ші дәрежелі “Отан соғысы” орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған. 1961 жылы қайтыс болған.

# Жаңқоразов Мәден



1925 жылы Жаңаталап колхозы, Берікқара ауылында туылған. Соғысқа 1941 жылы аттанып, 1943 жылы екі рет қолынан жараланып, елге оралды. 197 ДЗП атқыштар полкінде қызмет атқарды. 2-ші дәрежелі “Отан соғысы” орденімен, бірнеше медальдармен марапттталған. 1997 жылы қайтыс болған.

1941 - 1945

# Мырзабеков Ошақбай



1906 жылы Бірлесу – Еңбек ауылында туылған. Соғысқа 1941 жылы аттанып, 1945 жылы елге оралған. Аға сержант атағын алған және бірнеше медальдармен марапатталған. 1966 жылы қайтыс болған.

1941 -
1945

# Нұралиев Әміртай



1920 жылы Бірлесу – Еңбек ауылында дүниеге келген. Соғысқа 1941 жылы аттанып, 1945 жылы соғыстан оралған. Бірнеше медальдармен марапатталған.

# Нұрбаев  Асаналы



1893 жылы Бірлесу – Еңбек ауылында дүниеге келген. Соғысқа 1941 жылы аттанып, 1945 жылы соғыстан оралған. Бірнеше медальдармен марапатталған. 1968 жылы қайтыс болған.

# Керімбеков Сембек



1920 жылы Бірлесу – Еңбек ауылында дүниеге келген. Соғысқа 1941 жылы аттанып, 1945 жылы соғыстан оралған. Бірнеше медальдармен марапатталған. 1985 жылы қайтыс болған.

1941 - 1945

# ТЫЛ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ ЕРЛІГІ

**Ұлы Отан соғысы жылдары тылда қалған қыз-келіншектер мен балалардың тартқан азабы, жеңісті жақындатуға қосқан үлестері аз емес. 1939 жылғы санақпен салыстырғанда 1942 жылы Қазақстанда ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің саны 600000 адамға азайған. Ауыл шаруашылығында еңбектенген ерлердің майданға тартылуымен олардың орнын қариялар, әйелдер мен балалар басты. 1944 жылы қолхоздағы еңбекке жарамды ерлердің сандық үлесі – 20%, әйелдер – 58%, жасөспірімдер – 22% болды. Яғни, майданды азық-түлікпен, шикізатпен іс жүзінде әйелдер, балалар мен карт адамдар қамтамасыз етті. Солардың ішінде Бірлесу – Еңбек ауылының азаматтарыда бар.**











Наравне со взрослыми





Страда, 1943 г.



# Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес!

**Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді.**

**Иә, содан бері 70 жыл өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ.**







1941 -
1945

# НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!